

Ең жақын әрі қымбат жандарымыз — аналар мен әжелерге арналған 8 наурыз мерекесіне орай балабақшамыздың кіші топтарында көктемнің алғашқы мерекелік іс-шаралар өтті. Алғашқы көктемгі ертеңгіліктер шынайы нәзіктік пен әсерге толы болды. Бүлдіршіндер үлкен ынтамен тақпақтарын айтып, ән шырқап, би билеп, жақындарына шат күлкілерін сыйлады.

Залда қуаныш, жылулық пен мейірімге толы ерекше атмосфера орнады. Балалардың жанарынан бақыт нұры төгіліп, олардың шынайы эмоциялары мерекені одан сайын әсерлі етті.

Ертеңгіліктерді дайындаған педагогтерге алғысымызды білдіреміз, ал ата-аналарға қолдау көрсетіп, мерекеге жылы көңіл-күй сыйлағандары үшін рақмет айтамыз.

Көктем әр шаңырақка қуаныш, күлкі мен жақсы көңіл-күй әкелсін!





